09 қазан 2018 ж. № СД 45-18
«АСКО» СК» АҚ
директорлар
Кеңесінің хаттамасымен
БЕКІТІЛГЕН

«АҚЖЕ СТАНДАРТ», «АҚЖЕ КЛАССИК», «АҚЖЕ МИНИМУМ» АВТОМОБИЛЬ КӨЛІГІ ИЕЛЕРІНІҢ АЗАМАТТЫҚ-ҚҰҚЫҚТЫҚ ЖАУАПКЕРШІЛІГІН ЕРІКТІ САҚТАНДЫРУ ЕРЕЖЕЛЕРІ

1 БӨЛІМ. ЖАЛПЫ ЕРЕЖЕЛЕР

1.1. Осы «АҚЖЕ стандарт», «АҚЖЕ классик», «АҚЖЕ минимум» автомобиль көлігі иелерінің азаматтық-құқықтық жауапкершілігін ерікті сақтандыру Ережелері (әрі қарай мәтін бойынша – Ережелер) негізінде «АСКО» Сақтандыру компаниясы» Акционерлік Қоғамы (әрі қарай мәтін бойынша – Сақтандырушы) азаматтармен және заңды тұлғалармен (әрі қарай мәтін бойынша – Сақтанушылар) «АҚЖЕ стандарт», «АҚЖЕ классик», «АҚЖЕ минимум» автомобиль көлігі иелерінің азаматтық-құқықтық жауапкершілігін ерікті сақтандыру шарттарын (әрі қарай мәтін бойынша – «АҚЖЕ стандарт», «АҚЖЕ классик», «АҚЖЕ минимум» сақтандыру Шарты) құрады.
1.2. Осы Ережелерде келесі ұғымдар пайдаланылады:
Автомобиль көлігі – автобустарды, шағын автобустарды, жеңіл және жүк автокөліктерін, автокөлік тіркемелерін, ершікті тартқыштарға жартылай тіркемелерді, сондай-ақ мамандандырылған автокөліктерді (жүктердің белгілі бір түрлерін тасымалдауға арналған) және арнайы автокөліктерді (әртүрлі негіздегі көліктік емес жұмыстарды орындауға арналған) қамтитын автомобиль көлігінің жылжымалы құрамының бірлігі.
Көлік құралының иесі – меншік құқығында, шаруашылық жүргізу құқығында немесе жедел басқару құқығында не кез келген басқа заң негізінде (мүліктік жалдау шартында, көлік құралын беру туралы құзыретті органның өкімдеріне байланысты көлік құралын басқаруға сенімхат және басқалар) көлік құралын иеленетін жеке немесе заңды тұлға.
Сақтанушы – Сақтандырушымен сақтандыру Шартын құрушы тұлға. Егер сақтандыру Шартында өзгеше көзделмесе, Сақтанушы бір уақытта Сақтандырылушы болып табылады.
Сақтандырылушы — сақтандыру жүзеге асырылатын тұлға. Егер сақтандыру Шартында өзгеше көзделмесе, Сақтанушы бір уақытта Сақтандырылушы болып табылады.
Егер сақтандыру Шарты заңды тұлғамен құрылса, онда сақтандыру қорғанысы Сақтанушының өкімі бойынша Сақтанушы сақтандыру Шартында көрсеткен автомобиль көлігін пайдаланатын Сақтанушыға, Сақтанушының жүргізіушілеріне (қызметкерлеріне) қолданылады. Сақтанушы – Сақтандырушының келісімі бойынша сақтандыру Шартында оларға қатысты

сақтандыру жүзеге асырылатын өзге де заңды және жеке тұлғаларды көрсетуге құқығы бар заңды тұлға.

Егер сақтандыру Шарты жеке тұлғамен құрылса, онда Сақтанушы сақтандыру Шартында көрсеткен және аталған автомобиль көлігін заң негіздерінде пайдаланатын тұлғалардың ғана, сондай-ақ Сақтанушының өзіне ғана азаматтық-құқықтық жауапкершілік сақтандырылушы болып табылады.

Пайда алушы – жәбірленуші (ол қайтыс болған жағдайда Қазақстан Республикасының АК 940-бабына сәйкес жәбірленушінің қайтыс болуына байланысты залалды өтеуге құқығы бар тұлға), сондай-ақ Сақтанушы (Сақтандырылушы) немесе жәбірленушіге (залалды өтеуге құқығы бар тұлға) келтірілген залалды сақтандыру Шартында белгіленген Сақтандырушының жауапкершілік көлемі шегінде өтеген және сақтандыру төлеміне құқығы бар өзге тұлға.

Мүлікке зиян келтірілген кезде осы мүліктің меншік иесі, ал ол қайтыс болған жағдайда – залалды өтеуге құқығы бар тұлғалар жәбірленуші деп танылады.

Сақтандыру жағдайы – сақтандыру Шарты сақтандыру төлемін жүзеге асыруды көздейтін оқиға. Сақтандыру жағдайы ретінде қарастырылатын оқиғаның басталу ықтималдығы мен кездейсоқтық белгілері болуы тиіс.

Сақтандыру сомасы – сақтаныру объектісі сақтандырылған және сақтандыру жағдайы басталған кезде Сақтандырушы жауапкершілігінің шекті көлемін білдіретін ақша сомасы.

Сақтандыру сыйақысы – Сақтанушы Сақтандырушының сақтандыру Шартында анықталған мөлшерде сақтандыру төлемін Сақтанушыға (Пайда алушыға) жүргізу міндеттемелерін соңғы қабылдағаны үшін төлеуге міндетті ақша сомасы.

Сақтандыру төлемі – сақтандыру жағдайы басталған кезде сақтандыру сомасы шегінде Сақтандырушының Сақтанушыға (Пайда алушыға) төлейтін ақша сомасы.

Франшиза – сақтандыру шарттарында көзделген Сақтандырушыны белгілі бір мөлшерден аспайтын залалды өтеуден босату. Франшиза шартты (шегерілмейтін) және шартсыз (шегерілетін) болып табылады және не сақтандыру сомасына пайыздармен, не абсолютті мөлшерде белгіленеді. Шартты франшиза кезінде Сақтандырушы франшизаның белгіленген мөлшерінен аспайтын залалды өтеуден босатылады, бірақ, егер оның мөлшері осы сомадан көп болса, залалды толығымен өтеуге тиіс. Шартсыз франшиза кезінде залал барлық жағдайларда белгіленген соманы шегергенде өтеледі.

Үшінші тұлғалар (жәбірленушілер) – сақтандыру Шарты бойынша тарап болып табылмайтын, Қазақстан Республикасының заңнамасына сәйкес өтеу жөніндегі міндет Сақтанушыға (Сақтандырылушыға) көлік құралының иесі ретінде жүктелген көлік құралын пайдаланудың нәтижесінде өміріне, денсаулығына және/немесе мүлкіне залал келтірілген жеке және заңды тұлғалар. Егер сақтандыру Шартында өзгеше көзделмесе Сақтанушы, Сақтандырылушы, Сақтанушының сақтандыру жағдайы кезінде автомобиль көлігін басқаратын жүргізуші және онда болған жолаушылар Ережелерге сәйкес үшінші тұлғалар (жәбірленушілер) болып табылмайды.

Жол-көліктік оқиға (әрі қарай – «ЖКО») – көлік құралының жолымен жүру процесінде және оның қатысуымен адамдар қайтыс болған немесе жараланған, көлік құралдары, құрылымдар, жүктер бүлінген не өзге де материалдық залал келтірілген оқиға**.**

2 БӨЛІМ. САҚТАНДЫРУ ОБЪЕКТІСІ

2.1. Сақтанушының (Сақтандырылушының) Қазақстан Республикасының заңнамасында белгіленген тәртіппен оның автомобиль көлігін пайдалануына байланысты үшінші тұлғаларға келтірілген залалды өтеу міндетіне байланысты мүліктік мүддесі сақтандыру объектісі болып табылады.

3 БӨЛІМ. САҚТАНДЫРУ ЖАҒДАЙЛАРЫНЫҢ ТІЗБЕГІ

3.1. Сақтанушының (Сақтандырылушының) автомобиль көлігін пайдалануы нәтижесінде жәбірленушілер деп танылған тұлғалардың өміріне, денсаулығына және (немесе) мүлкіне келтірілген залалды өтеу жөніндегі Сақтанушының (Сақтандырылушының) азаматтық-құқықтық жауапкершілігінің басталу дерегі сақтандыру жағдайы деп танылады, атап айтқанда:

Шарт	"АҚЖЕ СТАНДАРТ"	"АҚЖЕ КЛАССИК"	"АҚЖЕ МИНИМУМ"
Сақтандыру жағдайы – келтірілген залалды өтеу жөніндегі Сақтанушының азаматтық-құқықтық жауапкершілігінің басталу дерегі:	Үшінші тұлғалардың (жәбірленушілердің) мүлкіне	Үшінші тұлғалардың (жәбірленушілердің) өміріне, денсаулығына және/немесе мүлкіне	Үшінші тұлғалардың (жәбірленушілердің) мүлкіне

3.2. Келесілердің нәтижесінде болған оқиға сақтандыру жағдайы деп танылады:

3.2.1. жол-көліктік оқиға (әрі қарай – «ЖКО») – көлік құралының жолымен жүру процесінде және оның қатысуымен адамдар қайтыс болған немесе жараланған, көлік құралдары, құрылымдар, жүктер бүлінген не өзге де материалдық залал келтірілген оқиға;

3.2.2. өзге де көлік оқиғасы (әрі қарай КО) – үшінші тұлғаларға зиян келтіру жылжымалы автомобиль көлігінен бөлінген элементтермен (автокөлік құралының бөліктерімен немесе тасымалданатын заттармен) болған оқиға.

3.2.3. Сақтанушының жәбірленушіге зиян келтіргені үшін жауапкершілігінің басталу дерегі, егер үшінші тұлғаларға келтірілген залал еңсерілмейтін күштің немесе жәбірленушінің ниеті салдарынан, сондай-ақ үшінші тұлғалардың құқыққа қарсы әрекеттері нәтижесінде оның иесінің иелігінен жоғары қауіптілік көзінің (автомобиль көлігінің) шығуы салдарынан туындағаны дәлелденбесе, уәкілетті органдардың құжаттары, сондай-ақ Сақтанушының Сақтандырушының келісімімен жәбірленушінің залалды өтеу туралы талаптарын ерікті тәртіппен тануы негізінде белгіленеді.

4 БӨЛІМ. САҚТАНДЫРУ ЖАҒДАЙЛАРЫНАН АЛЫП ТАСТАУ ЖӘНЕ САҚТАНДЫРУДЫ ШЕКТЕУ

4.1. Төмендегілердің салдарынан үшінші тұлғалардың өміріне, денсаулығына және мүлкіне зиян келтіру сақтандыру жағдайы болып табылмайды:
4.1.1. соғыс, шапқыншылық, шетел мемлекетінің жаулық әрекеттері, әскери немесе соған ұқсас операциялар (соғыс жарияланғанына немесе жарияланбағанына қарамастан) немесе азаматтық соғыс;
4.1.2. бүліктер, көтерілістер, локауттар, халық көтерілісіне дейін өсетін азаматтық тәртіпсіздіктер, бүлікшіліктер, азаматтық толқулар, әскери бүліктер, революциялар, әскери басып алулар немесе билікті озбырлықпен басып алулар, мүлікті тәркілеулер, реквизициялаулар немесе ұлттандырулар, терроризм актілері;
4.1.3. радиоактивті сәулелену немесе радиоактивті отынмен немесе атом отынын жағудан қалған радиоактивті қалдықтармен ластану;
4.1.4. табиғи апаттар – жер сілкінісі, найзағай соғу, су тасқыны, сел, дауыл, құйын, боран, опырылу, сырғыма, көшкін және т.б.;
4.1.5. Сақтанушының (Сақтандырылушының) автомобиль көлігін алкогольдік, уытты немесе есірткілік мас күйінде немесе автомобиль көлігін басқару кезінде қолдануға тыйым салынатын дәрі-дәрмектердің әсері жағдайында басқару;
4.1.6. автомобиль көлігін тиісті санаттағы автомобиль көлігін басқару құқығына жүргізуші куәлігі жоқ тұлғаның басқаруы немесе оған беруі;
4.1.7. жәбірленушінің қасақана әрекеттері;
4.1.8. Сақтанушының (Сақтандырылушының) қасақана әрекеттері, сондай-ақ Сақтанушының (Сақтандырылушының) кінәсі болмаған кезде жәбірленушінің абайсыздығы нәтижесінде;
4.1.9. «АҚЖЕ СТАНДАРТ», «АҚЖЕ КЛАССИК», «АҚЖЕ МИНИМУМ» сақтандыру Шартында көрсетілмеген автомобиль көлігін басқару кезінде;
4.1.10. автомобиль көлігін құқыққа қарсы иеленген тұлғаның басқаруы;
4.1.11. қозғалыста болмаған автомобиль көлігінің өртенуі, сондай-ақ автомобиль көлігінің өртенуі нәтижесінде;
4.1.12. егер ол ЖКО орнында болмаса және оның салдары болмаса, автомобиль көлігінің жарылуы, сондай-ақ автомобиль көлігінің жарылуы нәтижесінде;
4.1.13. егер ЖКО немесе КО сақтандыру қорғанысының аумағынан тыс немесе қолданылу кезеңінен тыс болса;
4.1.14. Қазақстан Республикасының заңнамасына сәйкес келтірілген залал үшін автомобиль көлігі иесінің жауапкершілігін болдырмайтын жағдайларда;
4.1.15. автомобиль көлігін Сақтандырушының жазбаша келісімінсіз сынақтар, спорт немесе оқу мақсаттарында пайдалану;
4.1.16 Сақтанушының – заңды тұлғаның жүргізушісі (қызметкері) қызметтік уақыт пен тапсырмадан тыс, жол парағынсыз автомобиль көлігін пайдалану;
4.1.17. Сақтандырушының жазбаша келісімінсіз автомобиль көлігін жалға, немесе лизингке беру;
4.1.18. егер Сақтанушы (Сақтандырылушы) ЖКО орнынан автомобиль көлігімен не онсыз қашып кетсе немесе белгіленген мерзімде алкогольдік, уытты немесе есірткілік мас күйін анықтауға медициналық куәландырудан (сараптамадан) өтпесе;
4.1.19. Сақтанушының (Сақтандырылушының) автомобиль көлігін пайдалану ережелерін бұзуы, оның ішінде техникалық ақаулы автомобиль көлігін,

белгіленген тәртіппен техникалық тексеруден өтпеген автокөлік құралын пайдалануы, сондай-ақ өрт қауіпсіздігі ережелерін, жанғыш және жарылғыш заттарды тасымалдау және сақтау ережелерін, ЖКО себепкері болған жүктерді тасымалдау кезіндегі қауіпсіздік талаптарын (жол қозғалысы Ережелеріне сәйкес) бұзуы.

4.2. Сақтандыру шарттарына сәйкес Сақтанушы (Сақтандырылушы) үшінші тұлғаларға келтірген тікелей мүліктік және/немесе физикалық зиян ғана өтелуге жатады.

4.3. Егер «АҚЖЕ СТАНДАРТ», «АҚЖЕ КЛАССИК», «АҚЖЕ МИНИМУМ» сақтандыру Шартында өзгеше көзделмесе, Сақтандырушы сақтандыру төлемін жүргізбейді:

4.3.1. үшінші тұлғаның (жәбірленушінің) жанама коммерциялық шығындары, жәбірленушінің тауарларды жеткізу немесе жұмыстар жүргізу (қызметтер көрсету) мерзімдерін, келісімшарттар (шарттар) бойынша өзге де міндеттемелерді бұзуына байланысты шығындар (айыппұлдар, тұрақсыздық айыбы және т.б.), үшінші тұлғалардың жіберілген пайдасы;

4.3.2. моральдық зиян;

4.3.3. сот шығындары;

4.3.4. Сақтанушының автокөлік құралына келтірілген зиян;

4.3.5. Сақтанушының (Сақтандырылушының) өміріне, денсаулығына келтірілген зиян;

4.3.6. Егер «АҚЖЕ СТАНДАРТ», «АҚЖЕ КЛАССИК», «АҚЖЕ МИНИМУМ» сақтандыру Шартында өзгеше көзделмесе, Сақтанушының автомобиль көлігінде болған үшінші тұлғалардың мүлкіне (жүктеріне) келтірілген залал;

4.3.7. үшінші тұлғаның автомобиль көлігінің тауарлық құнының жоғалуы.

4.4. Егер Сақтанушы сақтандыру шарттарында және Қазақстан Республикасының қолданыстағы заңнамасында көзделген міндеттерді орындамаса немесе тиісінше орындамаса, Сақтандырушы сақтандыру төлемінен толық немесе жартылай бас тартуға құқылы.

5 БӨЛІМ. САҚТАНДЫРУ СОМАЛАРЫН АНЫҚТАУ ТӘРТІБІ

5.1. Сақтандыру сомасы ақшалай сома болып табылады, оның шегінде Сақтандырушы сақтандыру жағдайы басталған кезде сақтандыру төлемін жүзеге асыруға міндеттенеді.

5.2. Сақтандыру сомалары тараптардың келісімімен белгіленеді және келесідей ең төменгі және ең жоғары шектері болады:

Сақтандыру шарттары	"АҚЖЕ СТАНДАРТ"	" АҚЖЕ КЛАССИК"	" АҚЖЕ МИНИМУМ"
Ең төменгі сақтандыру сомасы	80 000		
Ең жоғары сақтандыру сомасы	1 000 000		

5.3. Сақтандыру шарттарымен белгіленуі мүмкін:

1) жауапкершіліктің жиынтық шекті көлемі, - бұл жағдайда «АҚЖЕ СТАНДАРТ», «АҚЖЕ КЛАССИК», «АҚЖЕ МИНИМУМ» сақтандыру Шартының барлық қолданылу кезеңінде барлық сақтандыру жағдайлары бойынша барлық сақтандыру төлемдерінің сомасы осы көлемнен аспауға тиіс;

2) әрбір сақтандыру жағдайы бойынша жауапкершіліктің шекті көлемі;
3) «АҚЖЕ СТАНДАРТ», «АҚЖЕ КЛАССИК», «АҚЖЕ МИНИМУМ» сақтандыру Шартының қолданылу кезеңінде бір немесе бірнеше сақтандыру жағдайлары бойынша жауапкершіліктің шекті көлемі;
4) бір немесе барлық сақтандыру жағдайлары бойынша әрбір сақтандыру тәуекелі бойынша жауапкершіліктің шекті көлемі.

6 БӨЛІМ. САҚТАНДЫРУ ШАРТЫН ҚҰРУ ТӘРТІБІ

6.1. «АҚЖЕ СТАНДАРТ», «АҚЖЕ КЛАССИК», «АҚЖЕ МИНИМУМ» сақтандыру Шарты жазбаша нысанда келесідей жолмен құрылады:

- Сақтанушының осы сақтандыру Ережелеріне қосылуы және сақтандыру полисін рәсімдеу;
- тараптардың «АҚЖЕ СТАНДАРТ», «АҚЖЕ КЛАССИК», «АҚЖЕ МИНИМУМ» сақтандыру Шартын құруы.

6.2. «АҚЖЕ СТАНДАРТ», «АҚЖЕ КЛАССИК», «АҚЖЕ МИНИМУМ» сақтандыру Шарты Сақтанушының жазбаша өтініші негізінде құрылады.

Сақтанушының өтінішін алғаннан кейін Сақтандырушы тәуекел дәрежесін сипаттайтын құжаттарды талап етуі мүмкін.

6.3. Сақтанушының өтінішін және болжамды тәуекелді бағалауды алғаннан кейін Сақтандырушы сақтандыру сыйақысының есебін жүргізеді.

6.4. Егер сақтандыру шарттарында өзгеше көзделмесе, «АҚЖЕ СТАНДАРТ», «АҚЖЕ КЛАССИК», «АҚЖЕ МИНИМУМ» сақтандыру Шартын рәсімдеу Сақтанушы сақтандыру сыйақысын немесе сақтандыру жарнасын төлегеннен кейін жүргізіледі.

7 БӨЛІМ. САҚТАНДЫРУ ШАРТЫНЫҢ ҚОЛДАНЫЛУ МЕРЗІМІ ЖӘНЕ ОРНЫ

7.1. «АҚЖЕ СТАНДАРТ», «АҚЖЕ КЛАССИК», «АҚЖЕ МИНИМУМ» сақтандыру Шарты, егер Шартта өзгеше көзделмесе, Сақтанушы сақтандыру сыйақысын, ал оны бөліп төлеген кезде – бірінші сақтандыру жарнасын төлеген сәттен бастап күшіне енеді және тараптар үшін міндетті болады.

7.2. Сақтандыру Шартының қолданылу мерзімі тараптардың келісімімен анықталады және «АҚЖЕ СТАНДАРТ», «АҚЖЕ КЛАССИК», «АҚЖЕ МИНИМУМ» сақтандыру Шартында көрсетіледі.

7.3. Егер шартта өзгеше көзделмесе, сақтандыру қорғанысының қолданылу кезеңі шарттың қолданылу мерзіміне сәйкес келеді.

7.4. Егер шартта өзгеше көзделмесе, «АҚЖЕ СТАНДАРТ», «АҚЖЕ КЛАССИК», «АҚЖЕ МИНИМУМ» сақтандыру Шартының қолданылу орны – Қазақстан Республикасы, ТМД елдері.

8 БӨЛІМ. САҚТАНУШЫНЫҢ ҚҰҚЫҚТАРЫ МЕН МІНДЕТТЕРІ

8.1. Сақтанушы құқылы:

8.1.1. Сақтандырушыдан сақтандыру шарттарын, өзінің құқықтары мен міндеттерін түсіндіруді талап етуге;
8.1.2. үшінші тұлғалардың (Сақтандырушылардың) пайдасына «АҚЖЕ СТАНДАРТ», «АҚЖЕ КЛАССИК», «АҚЖЕ МИНИМУМ» сақтандыру Шартын құру;
8.1.3. «АҚЖЕ СТАНДАРТ», «АҚЖЕ КЛАССИК», «АҚЖЕ МИНИМУМ» сақтандыру Шартын мерзімінен бұрын тоқтату;
8.1.4. Қазақстан Республикасының заңнамасында белгіленген тәртіппен Сақтандырушының сақтандыру төлемін жүзеге асырудан бас тарту немесе оның мөлшерін азайту туралы шешіміне дау айтуға;
8.1.5. «АҚЖЕ СТАНДАРТ», «АҚЖЕ КЛАССИК», «АҚЖЕ МИНИМУМ» сақтандыру Шарты жоғалған жағдайда оның телнұсқасын алуға;
8.1.6. жәбірленушінің мүлкіне келтірілген залалдың мөлшерін бағалау үшін тәуелсіз сарапшының қызыметтерін өз есебінен пайдалануға;
8.1.7. тәуелсіз сарапшы келтірген залалдың мөлшерін бағалау нәтижелерімен және Сақтандырушы жүзеге асырған сақтандыру төлемінің мөлшерін есептеумен танысуға;
8.1.8. «АҚЖЕ СТАНДАРТ», «АҚЖЕ КЛАССИК», «АҚЖЕ МИНИМУМ» сақтандыру Шартына, Қазақстан Республикасының заңнамасына қайшы келмейтін өзге де әрекеттерді жасауға, оның ішінде: «АҚЖЕ СТАНДАРТ», «АҚЖЕ КЛАССИК», «АҚЖЕ МИНИМУМ» сақтандыру Шартын басқа автокөлік құралына, оның ішінде қайта тіркеуге байланысты Сақтандырылушылардың құрамына өзгерістер енгізуге, ол үшін алдын ала, демалыс және мереке күндерін есептемегенде, өзгерістердің болжамды күніне дейін кемінде 3 күн бұрын «АҚЖЕ СТАНДАРТ», «АҚЖЕ КЛАССИК», «АҚЖЕ МИНИМУМ» сақтандыру Шартының ажыратылмас бөлігі болатын жазбаша өтінішпен Сақтандырушыға жүгінуге;
8.1.9. Сақтандырушымен келісімі бойынша сақтандыру шарттарын өзгертуге.
8.2. Сақтанушы міндетті:
8.2.1. «АҚЖЕ СТАНДАРТ», «АҚЖЕ КЛАССИК», «АҚЖЕ МИНИМУМ» сақтандыру Шартында белгіленген мөлшерде, тәртіппен және мерзімдерде сақтандыру сыйақысын төлеуге;
8.2.2. «АҚЖЕ СТАНДАРТ», «АҚЖЕ КЛАССИК», «АҚЖЕ МИНИМУМ» сақтандыру Шартын құру кезінде Сақтандырушыға өзі туралы, «АҚЖЕ СТАНДАРТ», «АҚЖЕ КЛАССИК», «АҚЖЕ МИНИМУМ» сақтандыру Шартында қосылған өтінішке енгізу үшін қажетті әрбір Сақтандырылушы, көлік (көліктер) құралы (құралдары), қосарлы сақтандыру, көлік құралын маусымдық пайдалану, Қазақстан Республикасының аумағына уақытша кіру туралы мәліметтерді және өтініште көрсетілген мәліметтерді растайтын қажетті құжаттардың көшірмелерін ұсынуға, сондай-ақ «АҚЖЕ СТАНДАРТ», «АҚЖЕ КЛАССИК», «АҚЖЕ МИНИМУМ» сақтандыру Шартын құру кезінде және оның қолданылу кезеңінде Сақтандырушыға осы сақтандыру объектісіне қатысты ұқсас тәуекелдер бойынша барлық қолданыстағы/құрылатын сақтандыру шарттары туралы хабарлауға;

8.2.3. «АҚЖЕ СТАНДАРТ», «АҚЖЕ КЛАССИК», «АҚЖЕ МИНИМУМ» сақтандыру Шартында көрсетілген автокөлік құралын жарамды жағдайда ұстауға;
8.2.4. Сақтандырушыны сақтандыру тәуекелінің жағдайы туралы хабардар етуге;
8.2.5. Сақтандырушыға, егер бұл өзгерістер сақтандыру тәуекелінің артуына елеулі әсер етуі мүмкін болса, «АҚЖЕ СТАНДАРТ», «АҚЖЕ КЛАССИК», «АҚЖЕ МИНИМУМ» сақтандыру Шартын құру кезінде Сақтандырушыға хабарланған мән-жайларда өзіне белгілі болған елеулі өзгерістер туралы дереу, бірақ 3 (үш) жұмыс күнінен кешіктірмей хабарлауға;
8.2.6. сақтандыру жағдайының басталғаны туралы өзіне белгілі болған сәтте бұл туралы Сақтандырушыға қолжетімді тәсілмен (ауызша, жазбаша) дереу, бірақ үш жұмыс күнінен кешіктірмей хабарлауға. Ауызша нысандағы хабарлама кейіннен (жетпіс екі сағат ішінде) жазбаша расталуы тиіс. Сақтанушы мен Сақтандырылушы бір тұлға болып табылмайтын жағдайларда Сақтандырушыны көлік оқиғасының және сақтандыру жағдайының басталғаны туралы хабарлау жөніндегі міндет Сақтандырылушыға жүктеледі. Егер Сақтанушы (Сақтандырылушы) дәлелді себептермен аталған әрекеттерді орындау мүмкіндігіне ие болмаса, ол оны құжатпен растауы тиіс;
8.2.7. тәуекел дәрежесі ұлғайған және «АҚЖЕ СТАНДАРТ», «АҚЖЕ КЛАССИК», «АҚЖЕ МИНИМУМ» сақтандыру Шартына өзгерістер енгізілген кезде Шарттың өзгеруі және/немесе сақтандыру сыйақысының қосымша төленгені туралы хабарламаны алған күннен бастап 5 (бес) жұмыс күні ішінде қосымша сақтандыру сыйақысын төлеуге;
8.2.8. зиян келтіру мүмкіндігін азайту үшін сақтық шараларын қабылдауға, ықтимал залалдардың алдын алу немесе азайту үшін қалыптасқан мән-жайларда ақылға қонымды және қолжетімді шараларды, оның ішінде мүлікті құтқару және жәбірленуші тұлғаларға көмек көрсету шараларын қабылдауға;
8.2.9. сақтандыру шарттарын Сақтандырылушының назарына жеткізуге;
8.2.10. тиісті органдар мен ұйымдарға олардың құзыретіне (ішкі істер органдарының жол полициясы бөлімшелері, мемлекеттік өртке қарсы қызмет органдары, жедел медициналық көмек қызметі, апаттық қызметтер) қарай сақтандыру жағдайы мен жәбірленуші тұлғалар туралы хабарлауға;
8.2.11. сақтандыру шарттарын орындауға (Сақтандырушылардың сақтандыру шарттарын бұзуы Сақтанушының өзі сақтандыру шарттарын бұзуы ретінде бағаланады);
8.2.12. сақтандыру жағдайының белгілері бар оқиға басталған кезде осы Ережелердің 10-бөлімінде көрсетілген қажетті әрекеттерді жасауға;
8.2.13. бүлінген мүлікке тексеру жүргізілгенге дейін демалыс және мерекелік күндерді есептемегенде кемінде 2 (екі) күн бұрын Сақтандырушыға оны өткізу орны мен уақыты туралы жазбаша хабарлауға; ол белгілі болған күннен бастап дереу, бірақ 3 (үш) жұмыс күнінен (демалыс және мерекелік күндерді қоспағанда) кешіктірмей Сақтандырушыға зиян келтіру дерегі бойынша құзыретті органдардың әрекеттерінің басталуы туралы (тергеу, қылмыстық іс қозғау, сотқа шақыру және т.б.), сондай-ақ үшінші тұлғалардың барлық

талаптары туралы, сотқа шақырту туралы, талап арыз беру туралы және т.б. хабарлауға;
8.2.14. Сақтандырушының келісімінсіз өтем төлемеуге, залал келтіруге байланысты ұсынылған талаптарды толық немесе жартылай мойындамауға;
8.2.15. Сақтандырушыны дереу хабардар етуге және егер Сақтанушы мен Сақтандырылушының бұл үшін негіздемесі болса, қойылатын талаптардың мөлшерін азайту бойынша барлық қолжетімді шараларды қабылдауға;
8.2.16. сақтандыру жағдайының басталуына жауапты тұлғаға талап ету құқығының Сақтандырушыға ауысуын қамтамасыз етуге;
8.2.17. Қазақстан Республикасының заңнамасында көзделген өзге де әрекеттерді жасауға.
8.2.18. көлік оқиғасы кезінде көлік құралын тікелей басқарған тұлғаға (Сақтандырылушыға) Сақтанушының осы бөлімде көрсетілген міндеттері жүктеледі;
8.2.19. сақтандыру жағдайының басталуына жауапты тұлғаға кері талап ету құқығының Сақтандырушыға ауысуын қамтамасыз етуге.
8.3. «АҚЖЕ СТАНДАРТ», «АҚЖЕ КЛАССИК», «АҚЖЕ МИНИМУМ» сақтандыру Шартымен Қазақстан Республикасының заңына қайшы келмейтін Сақтанушының басқа да құқықтары мен міндеттері көзделген болуы мүмкін.

9 БӨЛІМ. САҚТАНДЫРУШЫНЫҢ ҚҰҚЫҚТАРЫ МЕН МІНДЕТТЕРІ

9.1. Сақтандырушы құқылы:
9.1.1. Сақтанушы ұсынған ақпарат пен құжаттарды, сондай-ақ Сақтанушының «АҚЖЕ СТАНДАРТ», «АҚЖЕ КЛАССИК», «АҚЖЕ МИНИМУМ» сақтандыру Шартының талаптары мен шарттарын орындауын тексеруге, оның ішінде «АҚЖЕ СТАНДАРТ», «АҚЖЕ КЛАССИК», «АҚЖЕ МИНИМУМ» сақтандыру Шартын құру кезінде Қазақстан Республикасының Азаматтық Кодексінде көзделген мәліметтерден басқа Сақтанушыдан қолданыстағы заңнамаға сәйкес «АҚЖЕ СТАНДАРТ», «АҚЖЕ КЛАССИК», «АҚЖЕ МИНИМУМ» сақтандыру Шартына енгізу үшін қажетті мәліметтерді, оның ішінде көлік құралдары иелерінің жауапкершілігін міндетті сақтандырудың қолданыстағы шарттары, сақтандыру жағдайлары, сақтандыру төлемдері және т.б. туралы ақпараттарды талап етуге;
9.1.2. сақтандыру тәуекелінің ұлғаюына әкеп соқтыратын мән-жайлар туралы хабарламаны алғаннан кейін «АҚЖЕ СТАНДАРТ», «АҚЖЕ КЛАССИК», «АҚЖЕ МИНИМУМ» сақтандыру Шартын мерзімінен бұрын бұзуды не оның шарттарын және/немесе қосымша сақтандыру сыйақысының төлемін тәуекелдің ұлғаюына мөлшерлей отырып, өзгертуді талап етуге;
9.1.3. Егер бұл өзгерістер сақтандыру тәуекелінің ұлғаюына елеулі әсер етуі мүмкін болса немесе Сақтанушы «АҚЖЕ СТАНДАРТ», «АҚЖЕ КЛАССИК», «АҚЖЕ МИНИМУМ» сақтандыру Шартының талаптарын өзгертуге немесе сақтандыру сыйақысының қосымша ақысы тәуекел дәрежесінің ұлғаюына пропорционалды болуына қарсылық білдірсе, «АҚЖЕ СТАНДАРТ», «АҚЖЕ

КЛАССИК», «АҚЖЕ МИНИМУМ» сақтандыру Шартын құру кезінде Сақтандырушыға хабарланған мән-жайларда Сақтанушы өзіне белгілі болған елеулі өзгерістер туралы Сақтандырушыға хабарлау міндетін орындамаған жағдайда «АҚЖЕ СТАНДАРТ», «АҚЖЕ КЛАССИК», «АҚЖЕ МИНИМУМ» сақтандыру Шартын бұзуды талап етуге;

9.1.4. сақтандыру жағдайының белгілері бар оқиғалардың себептері мен мән-жайларын өздігінен анықтауға, оның ішінде тиісті мемлекеттік органдар мен ұйымдардан олардың құзыретіне қарай сақтандыру жағдайының басталу дерегін және келтірілген залалдың мөлшерін растайтын құжаттарды сұратуға;

9.1.5. сақтандыру жағдайының себептері мен өзге де мән-жайларын белгілеуге;

9.1.6. Сақтанушыдан сақтандыру жағдайының дерегін, оның басталу мән-жайларын анықтау үшін қажетті ақпаратты талап етуге;

9.1.7. «АҚЖЕ СТАНДАРТ», «АҚЖЕ КЛАССИК», «АҚЖЕ МИНИМУМ» сақтандыру Шартында көзделген негіздемелер бойынша сақтандыру төлемін толық немесе жартылай жүзеге асырудан бас тартуға;

9.1.8. Қазақстан Республикасының заңнамасына қайшы келмейтін өзге де әрекеттерді жасауға;

9.1.9. сақтандыру шарттарында көзделген жағдайларда залал келтіруге жауапты тұлғаға кері талап ету құқығын ұсынуға;

9.1.10. кезекті сақтандыру жарнасын уақтылы төлемеген кезде Сақтанушыдан қолданыстағы заңнамада белгіленген тәртіппен және мөлшерде тұрақсыздық айыбын төлеуді талап етуге.

9.2. Сақтандырушы міндетті:

9.2.2. Сақтанушыны сақтандыру Ережелерімен таныстыруға және оның талабы бойынша олардың көшірмесін ұсынуға (жіберуге);

9.2.3. сақтандыру құпиясын қамтамасыз етуге;

9.2.4. сақтандыру жағдайы басталған кезде «АҚЖЕ СТАНДАРТ», «АҚЖЕ КЛАССИК», «АҚЖЕ МИНИМУМ» сақтандыру Шартында белгіленген мөлшерде, тәртіппен және мерзімде сақтандыру төлемін жүргізуге;

9.2.5. Сақтанушы мен Пайда алушыға «АҚЖЕ СТАНДАРТ», «АҚЖЕ КЛАССИК», «АҚЖЕ МИНИМУМ» сақтандыру Шартының талаптарына сәйкес сақтандыру төлемін жүзеге асыруда жазбаша дәлелді бас тартуды жіберуге;

9.2.6. Сақтанушыға (Пайда алушыға) сақтандыру жағдайы кезінде залалдарды азайту үшін жұмсалған шығындарды өтеуге;

9.2.7. Осы Ережелердің 11-бөлімінде көзделген өтініштер мен барлық құжаттарды алған күннен бастап 15 жұмыс күні ішінде өтініш берушіге сақтандыру төлемін жүзеге асырудан бас тарту үшін негіздер болған кезде бас тарту себептерін дәлелді негіздей отырып, жазбаша нысанында сақтандыру төлемінен толық немесе жартылай бас тарту туралы тиісті шешімді өтініш берушіге жіберуге, ал олар болмаған кезде 15 жұмыс күні ішінде жәбірленуші тұлғаларға сақтандыру төлемін жүргізуге;

9.2.8. «АҚЖЕ СТАНДАРТ», «АҚЖЕ КЛАССИК», «АҚЖЕ МИНИМУМ» сақтандыру Шартында және Қазақстан Республикасының қолданыстағы заңнамасында көзделген басқа да әрекеттерді жасауға.

9.3. «АҚЖЕ СТАНДАРТ», «АҚЖЕ КЛАССИК», «АҚЖЕ МИНИМУМ» сақтандыру Шартында Қазақстан Республикасының заңына қайшы келмейтін Сақтандырушының басқа да құқықтары мен міндеттері көзделуі мүмкін.

10 БӨЛІМ. САҚТАНДЫРУ ЖАҒДАЙЫ БАСТАЛҒАН КЕЗДЕГІ САҚТАНУШЫНЫҢ (САҚТАНДЫРЫЛУШЫНЫҢ) ӘРЕКЕТТЕРІ

10.1. Сақтандыру жағдайы басталған кезде Сақтанушы міндетті:

10.1.1. оқиға орнына Сақтандырушының апаттық комиссарын дереу шақыруға;

10.1.2. залал қаупін азайту және қосымша залалдың туындауына ықпал ететін себептерді жою үшін ықтимал шараларды дереу қабылдауға;

10.1.3. сақтандыру жағдайының басталғаны туралы Сақтандырушыға 3 (үш) жұмыс күні ішінде орнын, уақытын және барлық мән-жайларды көрсете отырып, кез келген қолжетімді тәсілмен хабарлауға. Ауызша нысандағы хабарлама келесі 72 сағат ішінде жазбаша расталуы тиіс;

10.1.4. оқиғаның басталғаны туралы ішкі істер органдарының жол полициясы бөлімшелеріне, өзге де құзыретті органдарға дереу хабарлауға;

10.1.5. залал келтірілген тұлғаларға олардың жауапкершілігі «АСКО» СК» АҚ-да сақтандырылғаны туралы хабарлауға, Сақтандырушының мекенжайы мен телефонын хабарлауға;

10.1.6. бүлінген автомобиль көлігін/мүлікті Сақтандырушының өкілі бүлінген/жойылған сәтте ол болған түрде қарап шыққанға дейін сақтауға (егер бұл қауіпсіздік мүдделеріне қайшы келмесе немесе залалдың ұлғаюына әкеп соқтырмаса);

10.1.7. сақтандыру жағдайының басталу себептері мен мән-жайларын анықтауға жәрдемдесуге, оның ішінде Сақтандырушыға сақтандыру жағдайының себептері, барысы мен салдарлары, келтірілген залалдың сипаты мен мөлшерлері туралы соттауға мүмкіндік беретін барлық қолжетімді ақпарат пен құжаттаманы ұсынуға;

10.1.8. жол полициясы органдарының ұйғарымы бойынша немесе Сақтандырушы өкілінің талабы бойынша Сақтанушының (Сақтандырылушының) психикалық белсенді заттарды пайдалану және/немесе алкогольдік мас күйін анықтау үшін медициналық куәландырудан (сараптамадан) өтуге;

10.1.9. Сақтандырушының өкіліне ЖКО-да бүлінген автокөлік құралдарын сақтандыру жағдайының басталғаны туралы Сақтандырушыға хабарланған күннен бастап 5 жұмыс күні ішінде ЖКО-нан кейін болған күйінде қарау үшін ұсынуды қамтамасыз етуге;

10.1.10. Сақтандырушының мүдделеріне қарсы бағытталған әрекеттерді жасамауға, сондай-ақ қандай да бір міндеттемелерді қабылдамауға; қандай да бір ұсыныстарды қабыламауға; Сақтандырушының жазбаша келісімінсіз осы сақтандыру жағдайына қатысы бар қандай да бір төлемдер жасауға уәде бермеуге;

10.1.11. сақтандыру шартында және Қазақстан Республикасының заңнамасында көзделген өзге де әрекеттерді жасауға;

10.1.12. Сақтандырушыға сақтандыру жағдайының басталғаны туралы хабарлаған күннен бастап дереу, бірақ екі жұмыс күнінен кешіктірмей бұл туралы жәбірленушіге хабарлауға;
10.1.13. Сақтандырушының сұрауы бойынша АҚ тексеру үшін ұсынуға.
10.5. Сақтандыру жағдайының басталуын, сондай-ақ оның келтірген залалдарын дәлелдеу Сақтанушыға (Сақтандырылушыға, Пайда алушыға) жүктеледі.

11 БӨЛІМ. САҚТАНДЫРУ ЖАҒДАЙЫНЫҢ БАСТАЛУЫН ЖӘНЕ ШЫҒЫНДАР МӨЛШЕРІН РАСТАЙТЫН ҚҰЖАТТАРДЫҢ ТІЗБЕГІ

11.1. Сақтандыру төлемін жүргізу туралы мәселені шешу үшін Сақтандырушыға келесі құжаттар ұсынылады:
11.1.1. Сақтанушының немесе сақтандырылған АҚ басқарған тұлғаның сақтандыру жағдайы туралы жазбаша өтініші;
11.1.2. «АҚЖЕ СТАНДАРТ», «АҚЖЕ КЛАССИК», «АҚЖЕ МИНИМУМ» сақтандыру Шартының түпнұсқасы/көшірмесі;
11.1.3. Сақтанушының (Сақтандырылушының) және оқиғаның екінші/басқа қатысушыларының көлік құралын тіркеу туралы куәлігінің көшірмелері; Сақтанушының көлік құралының күйін мемлекеттік техникалық тексеруден өткені туралы талонның көшірмесі; көлік құралын басқару құқығына сенімхаттың немесе жол парағының, жүргізуші куәлігінің, Сақтанушының (Сақтандырылушының) және оқиғаның екінші/басқа қатысушыларының жеке басын куәландыратын құжаттың көшірмелері;
11.1.4. Сақтанушының (Сақтандырылушының) психикалық белсенді затты пайдалану дерегін және алкогольдік мас күйін анықтау үшін медициналық куәландыру анықтамасы/қорытындысы;
11.1.5. жәбірленушінің бүлінген немесе жойылған мүлікті иелену құқығын, оның сақтандыру төлемін алу құқықтарының заңдылығын, сондай-ақ оның өкілдерінің құқықтарын растайтын құжаттардың көшірмелері – Сақтандырушыда жәбірленушінің мүдделерін ұсыну құқығына тиісті түрде рәсімделген сенімхат;
11.1.6. жол полициясы органдарының, ішкі істер органдарының, сот қаулысының құжаттарының түпнұсқалары немесе уәкілетті тұлғалар куәландырған көшірмелері (жол қозғалысы Ережелерін бұзу туралы хаттама, әкімшілік құқық бұзушылық туралы қаулы, ЖКО сызбасы, жол қозғалысы Ережелерін бұзу туралы хаттамаға толықтыру, жол полициясы органдарына ЖКО қатысушыларының түсініктемелері, ЖКО-ның барлық қатысушыларының психикалық белсенді затты пайдалану дерегін және алкогольдік мас күйін анықтау үшін медициналық куәландыру қорытындылары);
11.1.7. тиісті лицензиясы бар тәуелсіз сарапшы жүргізген келтірілген залалдың сомасын анықтау жөніндегі бағалау актісі;

11.1.8. ауыстыруға жататын автомобиль көлігінің/мүліктің бүлінген бөлшектерін/бөліктерін беруге кепілдік хат (Сақтандырушының талабы бойынша);
11.1.9. Сақтанушыға, жәбірленуші келтірілген зиянның сипатын, диагнозын, еңбекке жарамсыздық кезеңін көрсете отырып, тиісті медициналық мекеме қорытындысының түпнұсқасы; мүгедектік тағайындау туралы уәкілетті медициналық орган қорытындысының түпнұсқасы мен көшірмесі; қайтыс болу себебін көрсете отырып, Сақтанушының, жәбірленушінің қайтыс болғанын мәлімдеген медициналық мекеме қорытындысының түпнұсқасы; қайтыс болу туралы куәліктің, мұрагерлік құқығы туралы куәліктің нотариалды куәландырылған көшірмелері;
11.1.10. денсаулықтың нашарлауынан туындаған шығындарды растайтын құжаттардың түпнұсқалары, оның ішінде әрбір дәрі-дәрмектің, процедураның, қабылдаудың атауын, олардың саны мен құнын көрсете отырып, медициналық дәрі-дәрмектерді алуды, процедуралардан өтуді, дәрігерлердің қабылдауын растайтын дәріханалар мен медициналық мекемелер шоттарының (фискалды, тауарлық чек, төлем туралы түбіртектер және басқалары) түпнұсқалары; сондай-ақ емдеу дәрігерін медициналық дәрі-дәрмектерді қабылдауға, процедуралардан өтуге, шот қойылған дәрігерлердің қабылдауына тағайындау;
11.1.11. жәбірленушілерге келтірілген залалдың мөлшерін және жүргізілген шығындарды төлеу дерегін растайтын шоттардың түпнұсқалары (шот-фактуралар, тапсырыс беру құжаттары, фискалдық және тауарлық чектер, төлем туралы түбіртектер және т.б.), - жерлеуге жұмсалған шығындарды өтеу кезінде.
11.2. Ұсынылған құжаттарды құру тәртібі мен нысаны, егер олар үшін көзделген болса, Қазақстан Республикасының заңнамасына сәйкес болуға тиіс. Егер осы Шарттарда өзгеше көзделмесе, құжаттар Сақтандырушыға түпнұсқада, не нотариалды куәландырылған немесе түпнұсқалық мөрмен куәландырылған және құзыретті ұйымның уәкілетті тұлғасы қол қойған көшірме түрінде ұсынылады.
11.3. Сақтандырушыға жоғарыда баяндалған құжаттар тізбесін қысқартуға немесе, егер нақты мән-жайларды ескере отырып, олардың болмауы сақтандыру жағдайының басталу дерегін анықтауға және залалдың мөлшерін анықтауға мүмкіндік бермейтін болса, қосымша құжаттарды сұратуға құқылы.
11.4. Сақтанушы (Сақтандырылушы) осы сақтандыру Ережелерінің 11-бөлімінің 11.1-бабында көзделген құжаттар топтамасын ұсынбаған жағдайда Сақтандырушы Сақтанушыға
(Сақтандырылушыға) жетіспейтін құжаттар туралы жеті жұмыс күнінен кешіктірмей жазбаша хабарлауға міндетті.

12 БӨЛІМ. САҚТАНДЫРУ ТӨЛЕМІН ЖҮЗЕГЕ АСЫРУ ТӘРТІБІ МЕН ШАРТТАРЫ

12.1. Сақтандыру төлемі – сақтандыру жағдайы басталған кезде төленетін ақша сомасы.

12.2. Сақтандырушы сақтандыру төлемін жүзеге асыру туралы шешім қабылдайды және оны жүзеге асырады немесе сақтандыру төлемін жүзеге асырудан бас тарту туралы шешімді қабылдайды және Сақтанушы барлық қажетті құжаттарды ұсынғаннан кейін 15 (он бес) жұмыс күні ішінде Сақтанушыға дәлелді жазбаша бас тартуды жібереді.

Ұсынылған құжаттарды түзету қажеттілігі анықталған жағдайда оларды қарау мерзімдері оларды түзету мерзіміне тоқтатыла тұрады. Осы тармақта көзделген мерзім Сақтандырушыға түзетілген құжаттар ұсынылған күннен бастап қайта басталады.

12.3. Сақтандыру төлемдерінің сомасы сақтандыру сомасының мөлшерінен аспауға тиіс.

12.4. Сақтандыру төлемі нақты залал мөлшерінде, ал үшінші тұлғаларға зиян келтіру бойынша бүлінген мүліктің нақты құны шектерінде, бірақ кез келген жағдайларда сақтандыру шарттарында көзделген сақтандыру сомасынан аспайтын мөлшерде жүзеге асырылады. Нақты құн – мәміле тараптары бүлінген мүлік туралы барлық қолжетімді ақпаратқа ие бола отырып, әрекет ететін, ал мәміле бағасында қандай да бір төтенше мән-жайлар көрсетілмейтін бәсекелестік жағдайындағы мәміле негізінде бүлінген мүлікті иеліктен шығаруға болатын ең ықтимал баға.

12.5. «АҚЖЕ СТАНДАРТ», «АҚЖЕ МИНИМУМ» сақтандыру Шарты бойынша сақтандыру төлемі сақтандыру сомасының шектерінде нақты залал мөлшерінде, франшизаны шегергенде жүзеге асырылады, бұл ретте сақтандыру төлемінің сомасы:

Жәбірленушінің қайтыс болуы сақтандыру сомасының 100%-ын құрайды;

мертігу, жарақат алу немесе денсаулықтың өзге де зақымдануы – амбулаториялық және (немесе) стационарлық емдеуге арналған нақты шығындар мөлшерінде, бірақ сақтандыру сомасының 70%-нан аспайтын мөлшерде.

12.6. «АҚЖЕ КЛАССИК» сақтандыру Шарты бойынша сақтандыру төлеміне келесі мөлшерде лимит белгіленген:

барлық жәбірленушілердің мүлкіне келтірілген зиян үшін жауапкершіліктің шекті көлемі – жалпы сақтандыру сомасының 50%;

барлық жәбірленушілердің өмірі мен денсаулығына келтірілген зиян үшін жауапкершіліктің шекті көлемі – жалпы сақтандыру сомасының 50%;

бір жәбірленушінің мүлкіне келтірілген зиян үшін жауапкершіліктің шекті көлемі – жалпы сақтандыру сомасының 25%;

бір жәбірленушінің өмірі мен денсаулығына келтірілген зиян үшін жауапкершіліктің шекті көлемі – жалпы сақтандыру сомасының 25%.

Жәбірленушілер – Қазақстан Республикасының заңнамасына сәйкес өтеу жөніндегі міндет Сақтанушыға (Сақтандырылушыға) жүктелген Сақтанушының автомобиль көлігін пайдалану нәтижесінде өміріне, денсаулығына және/немесе мүлкіне зиян келтірілген тұлғалар. Жәбірленуші Пайда алушы болып табылады, ал жәбірленуші – жеке тұлға қайтыс болған жағдайда Қазақстан Республикасының заңнамасына сәйкес оның мұрагерлері

Пайда алушылар болып табылады. ЖКО (КО) кезінде көлік құралын басқарған Сақтанушы (Сақтандырылушы) жәбірленуші тұлғалар болып табылмайды.
12.7. Залал мөлшерін Сақтанушы (Пайда алушы) ұсынған құжаттар және/немесе Сақтандырушы ұсынған тиісті лицензиясы бар тәуелсіз сарапшы негізінде Сақтандырушы анықтайды.
12.8. Залал мөлшері Сақтандырушы жауапкершілігінің шекті көлемінен асып кеткен жағдайда әрбір жәбірленушіге сақтандыру төлемі барлық жәберленушілерге келтірілген зиян дәрежесіне сәйкес жүзеге асырылады.
12.9. Залал мөлшері сақтандыру жағдайы басталғанға дейін орын алған автомобиль көлігінің/мүліктің есептелген амортизациясын (тозуын) шегергендегі бүлінген автомобиль көлігін/мүлкін қалпына келтіру құнын есептеу негізінде анықталады.
12.10. Пайда алушыға жөндеу кезінде ауыстырылуға жататын сақтандыру жағдайы кезіндегі автомобиль көлігінің/мүліктің бүлінген бөлшектерінің/бөліктерінің құнын төлеген жағдайда Сақтандырушы Пайда алушының Сақтандырушыға автомобиль көлігінің/мүліктің осындай бөлшектерін/бөліктерін беруін талап етуге құқылы. Бұл ретте сақтандыру төлемі Пайда алушының ауыстыруға жататын автомобиль көлігінің/мүліктің бүлінген бөлшектерін/бөліктерін беруге кепілдік хатты ұсынғаннан кейін жүргізіледі. Бөлшектерді/бөліктерді беруге байланысты барлық шығындар сақтандырумен жабылмайды.
12.11. Ауыстыруды талап ететін бөлшектер мен тораптардың құны, бүлінген бөлшектер мен тораптарды ауыстыру және жөндеу жұмыстарының құны, шығын материалдарының құны өтелуге жатады. Бүлінуі сақтандыру жағдайынан туындаған тораптар мен бөлшектерді ғана ауыстыру және жөндеу құны өтелуге жатады. Бұл ретте автокөлік құралының бүлінген бөлшектері мен тораптарын ауыстыру оларды қалпына келтіру жұмыстары жолымен одан әрі пайдалану үшін жарамды күйге келтіруі мүмкін болмаған жағдайда, не егер бұл жөндеу экономикалық тұрғыдан тиімсіз болса, оның құны ауыстырудың жалпы құнынан (бөлшектердің, шығын материалдары мен жұмыстардың құнын ескере отырып) асып кеткен жағдайда есепке алынады.
12.12. Автомобиль шиналары мен дөңгелек дискілерінің зақымдануынан немесе жойылуынан туындаған залалдар осы сақтандыру жағдайынан туындаған автокөлік құралының басқа да зақымдануы орын алған кезде ғана өтеледі.
12.13. Калькуляция құру кезінде бөлшектер мен жұмыстарға орташа қолданыстағы нарықтық бағалар қолданылады.
12.14. Жәбірленушілердің мүлкіне келтірілген залалдардың мөлшері келесі тәсілдердің бірімен анықталады (Сақтандырушымен міндетті келісімі кезінде):
12.14.1. Сақтандырушының калькуляциясы негізінде;
12.14.2. Сақтандырушы тағайындаған апаттық комиссардың (сюрвейердің) қорытындысы негізінде;
12.14.3. жәбірленуші Сақтандырушы жіберген техникалық қызмет көрсету станциясында (ТҚС) бүлінген автомобиль көлігіне нақты орындалған жөндеу жқмыстары негізінде;

12.14.4. Сақтандырушының келісімімен үшінші тұлғаның таңдауы бойынша ТҚС-на бүлінген автомобиль көлігін нақты орындағаны үшін шоттар негізінде. Бұл жағдайда үшінші тұлға Сақтандырушыға шоттың (тапсырыс беру құжаттарының) түпнұсқасын немесе жөндеу калькуляциясын ұсынуға міндетті.
12.15. Калькуляцияға енгізілмейтін және өтелуге жатпайтын құн:
12.15.1. автомобиль көлгіне техникалық және кепілдік қызмет көрсету;
12.15.2. автомобиль көлігін қайта құруға және қайта жабдықтауға, оның жекелеген бөліктерін, бөлшектерін және тораптарын олардың тозуына, техникалық ақауына және т.б. байланысты жөндеуге немесе ауыстыруға байланысты жұмыстар;
12.15.3. бүлінген автомобиль көлігін, қажетті қосалқы бөліктер мен бөлшектерді жөндеуді жүзеге асыратын ТҚС-да болмауына байланысты автомобиль көлігінің тораптары мен агрегаттарын жинауда ауыстыру (жөндеудің орнына).
12.16. Үшінші тұлғаның автомобиль көлігі толық нақты немесе құрылымдық жойылған кезде, сондай-ақ автомобиль көлігін қалпына келтіру жұмыстарының құны оның нақты құнының 75%-нан асып кеткен жағдайда сақтандыру төлемі тозуды ескере отырып, бүлінген автомобиль көлігінің нақты құны, бірақ Сақтандырушыға автомобиль көлігінің қалдықтарын беру шартымен үшінші тұлғалардың мүлкіне зиян келтіру тәуекелін сақтандыру үшін анықталған сақтандыру сомасынан аспайтын мөлшерде жүргізіледі. Бұл жағдайда автокөлік құралы жәбірленуші Сақтандырушыға беру үшін ЖПБ органдарынан есептен шығаруы тиіс.
12.17. Сақтандыру төлемін есептеу кезінде болмаған немесе бүлінген бөлшектер мен агрегаттардың құны есептелмейді, олардың болмауы немесе бүлінуі қарастырылып отырған сақтандыру жағдайына тікелей қатысы жоқ.
12.18. Сақтандырушы автомобиль көлігі жойылған жағдайда жәбірленушінің келісімімен сақтандыру төлемінің орнына жәбірленушіге залалдарды заттай нысанда өтеуге, яғни бүлінген автомобиль көлігін ұқсас автокөлік құралына ауыстыруды ұсынуға құқылы. Сол маркадағы, модельдегі және шығарылған жылдағы автокөлік құралы ұқсас болып саналады.
12.19. «АҚЖЕ КЛАССИК» сақтандыру Шарты бойынша сақтандыру төлемі жәбірленушілердің денсаулығы мен өміріне келтірілген зиян үшін Қазақстан Республикасының азаматтық заңнамасында (Қазақстан Республикасы Азаматтық кодексінің 47 тарауы) белгіленген тәртіппен және мөлшерде, бірақ «АҚЖЕ КЛАССИК» сақтандыру Шартында белгіленген сақтандыру сомаларынан аспайтын мөлшерде жүзеге асырылады. Бұл ретте сақтандыру төлемін есептеу үшін төмендегілер айтарлықтай мәнге ие болады:
12.19.1. денсаулықты қалпына келтіру үшін қажетті шығындар, бөлек күтім, протездеу, егер жәбірленуші бұл қызметтерді тегін алуға құқылы болған жағдайда ақылы медициналық қызмет көрсетуге кеткен, бірақ жалпы сақтандыру сомасының 70%-нан аспайтын шығындар;
12.19.2. жерлеуге жұмсалған, бірақ 50 АЕК-тен аспайтын қаражат мөлшерінде жерлеуге арналған шығындар.
12.20. Үшінші тұлғалардың өмірі мен мүлкіне келтірілген залал үшін сақтандыру төлемінің мөлшері келесі тәсілдердің бірімен анықталады:

12.20.1. «АҚЖЕ СТАНДАРТ», «АҚЖЕ КЛАССИК», «АҚЖЕ МИНИМУМ» сақтандыру Шартының талаптарына сәйкес тараптардың келісімі бойынша және сақтандыру сомасы шектерінде;
12.20.2. сақтандыру сомасының шектерінде соттың шешімімен Сақтанушыға жүктелген сомалар негізге ала отырып.
12.21. Қосарлы мүліктік сақтандыру (бір сақтандыру объектісін бірнеше Сақтандырушыларда әрқайсысымен дербес шарттар бойынша сақтандыру) кезінде әрбір Сақтандырушы Сақтанушының алдында онымен құрылған шарт шегінде жауапты болады, алайда Сақтанушының барлық Сақтандырушылардан алған сақтандыру төлемдерінің жалпы сомасы нақты залалдан аспауға тиіс.
12.22. Егер жәбірленуші келтірген зиянды Сақтанушы (Сақтандырылушы) ғана емес, сондай-ақ оны келтіргені үшін жауапты өзге де тұлғалар өтеуге тиіс болса, онда Сақтандырушы төленуге жататын толық сома мен залал келтіруге жауапты өзге де тұлғалардан өндіріп алуға жататын сома арасындағы айырманы ғана өтейді. Сақтанушы Сақтандырушыға осындай тұлғалардың бар екендігі туралы және осы тұлғалардан өндіріп алуға жататын өтем сомалары туралы хабарлауға міндетті.
12.23. Егер сақтандыру жағдайы енгізу мерзімі өтіп кеткен белгілі бір сақтандыру жарнасы төленгенге дейін басталса (егер бөліп төлеу көзделсе), сақтандыру төлемі жүзеге асырылмайды, яғни «АҚЖЕ СТАНДАРТ», «АҚЖЕ КЛАССИК», «АҚЖЕ МИНИМУМ» сақтандыру Шарты өз қолданысын тоқтатты.
12.24. Егер сақтандыру жағдайы енгізу мерзімі келмеген белгілі бір сақтандыру жарнасы төленгенге дейін басталса (егер бөліп төлеу көзделсе), Сақтандырушы сақтандыру төлемінің мөлшерін анықтау кезінде мерзімі өткен сақтандыру жарнасының сомасын есепке жатқызуға құқылы.
12.25. **Егер сақтандыру жағдайы келесілердің салдарынан болса, Сақтандырушы Сақтанушыға сақтандыру төлемінен толық немесе жартылай бас тартуға құқылы:**
12.25.1. қажетті қорғаныс немесе аса қажеттілік жағдайында жасалған әрекеттерді қоспағанда, сақтандыру жағдайының туындауына бағытталған не оның туындауына ықпал ететін Пайда алушының қасақана әрекеттері;
12.25.2. заңнамалық актілерде белгіленген тәртіппен сақтандыру жағдайына себептік байланыстағы қасақана қылмыстар немесе қасақана әкімшілік құқық бұзушылықтар деп танылған Пайда алушының әрекеттері.
12.26. Егер сақтандыру жағдайы келесілердің салдарынан болса, Сақтандырушы сақтандыру төлемін жүзеге асырудан босатылады:
12.26.1. ядролық жарылыстың, радиацияның немесе радиоактивті ластанудың әсерлері;
12.26.2. әскери іс-қимылдар, терроризм актілері;
12.26.3. азаматтық соғыс, әртүрлі халықтық толқулар, жаппай тәртіпсіздіктер немесе ереуілдер.
12.27. Сақтандырумен келесі оқиғалар өтелмейді:

12.27.1. автомобиль көлігін көліктің кез келген түрімен тасымалдау/сүйрету кезінде, автомобиль көлігімен басқа да көлік құралдарын сүйреу кезінде орын алған;
12.27.2. автомобиль көлігін заңсыз мақсаттарда пайдалану кезінде, оның ішінде Сақтанушының (Сақтандырылушының) сотпен қылмыстық жазаланады деп танылған әрекеттер жасауы нәтижесінде орын алған немесе егер автомобиль көлігі қылмыстық қару немесе құрал болып табылса;
12.27.3. егер Сақтанушы (Сақтандырушы) оқиға орнынан кетіп қалса немесе уәкілетті орган қызметкерлерінің немесе Сақтандырушы өкілдерінің талабы бойынша медициналық сараптамадан өтуден бас тартса;
12.27.4. Сақтанушының (Сақтандырылушының) автомобиль көлігінің техникалық ақаулы ережелерін пайдалануы нәтижесінде немесе оны пайдалануға тыйым салынған ақаулар болған кезде белгіленген тәртіппен техникалық қараудан өтпеген автомобиль көлігін пайдалану, сондай-ақ өрт қауіпсізідігі ережелерін, от қауіпті және жарылыс қауіпті заттарды тасымалдау және сақтау ережелерін, Қазақстан Республикасының белгіленген заңнамасында жүктерді тасымалдау кезінде қауіпсіздік талаптарын бұзу;
12.27.5. өздігінен орнатылған электро- және өзге де қосымша жабдықтардың тұйықталуына байланысты автомобиль көлігінің ақаулығынан туындаған өрт нәтижесінде орын алған;
12.27.6. жолаушылар сыйымдылығының шекті нормаларынан және автомобиль көлігін тиеу нормаларынан асып кету нәтижесінде орын алған;
12.27.7. осы санаттағы көлік құралдарын басқару құқығына жарамды жүргізуші куәлігі жоқ, сондай-ақ Сақтанушы басқаруға жібермеген, сақтандырылған көлік құралын басқару құқығына сенімхаты жоқ немесе жол парағында немесе «АҚЖЕ СТАНДАРТ», «АҚЖЕ КЛАССИК», «АҚЖЕ МИНИМУМ» сақтандыру Шартында көрсетілмеген тұлға автомобиль көлігін басқару кезінде орын алған, сол сияқты жүргізуші куәлігінің, сенімхаттың (жол парағының, жалдау шартының), сондай-ақ көлік құралының жай-күйін мемлекеттік техникалық қараудан өткені туралы талонның қолданылу мерзімі өткеннен кейін орын алған;
12.27.8. егер табиғи ортаға зиян келтірілсе;
12.27.9. егер жәбірленушінің мүлкіне ақша, бағалы қағаздар, алтын, асыл және жартылай асыл тастар мен металдардан жасалған бұйымдар, өзге де құндылықтар, зергерлік бұйымдар, өнер туындылары немесе басқа да құндылықтар, оның ішінде антикварлық және басқа да бірегей заттар, діни ғибадат заттары, коллекциялар, картиналар, қолжазбалар түрінде зиян келтірілсе;
12.27.10. егер басқа тұлғалардың құқыққа қарсы әрекеттері нәтижесінде Сақтанушының (Сақтандырылушының, Сақтанушының автомобиль көлігін басқаруға жіберілген тұлғаның) иелігінен шыққан Сақтанушының автомобиль көлігіне зиян келтірілсе;
12.27.11. Сақтанушының (Сақтандырылушының) жол полициясы органдары және жол жүру қауіпсіздігін қамтамасыз ету саласындағы басқа да құзыретті органдар қызметкерлерінің өкімдерін, талаптарын немесе нұсқамаларын орындамауы нәтижесінде орын алған;

12.27.12. егер сақтандыру жағдайы осы Шарттың қолданылу мерзімі өткеннен кейін және/немесе сақтандыру аумағынан тыс басталса.
12.28. Сақтандырушының сақтандыру төлемін жүзеге асырудан бас тартуы үшін келесілер де негіз бола алады:
12.28.1. Сақтанушының Сақтандырушыға сақтандыру объектісі, сақтандыру тәуекелі, сақтандыру жағдайы және оның салдарлары туралы көрінеу жалған мәліметтерді хабарлауы;
12.28.2. Сақтанушының сақтандыру жағдайынан болған шығындарды азайту жөніндегі шараларды қасақана қабылдамауы;
12.28.3. Сақтанушының мүліктік сақтандыру бойынша залалды келтіргені үшін кінәлі тұлғадан тиісті өтем алуы;
12.28.4. Сақтанушының Сақтандырушыға сақтандыру жағдайының басталу мән-жайларын зерттеуге және ол келтірген залал мөлшерін белгілеуге кедергі келтіруі;
12.28.5. Сақтандыру шарттарында көрсетілген мерзімде Сақтандырушының сақтандыру жағдайының (сақтандыру жағдайының басталуына әкеп соғуы мүмкін оқиғаның) басталғаны туралы хабарлау дерегі Сақтандырушының сақтандыру төлемін жүзеге асыруы (уәкілетті органға есептерді уақтылы және дұрыс ұсыну, сақтандыру төлемі үшін резервтік соманы уақтылы қалыптастыру, қайта сақтандырушыға хабарлау және т.б.) міндетіне (мүмкіндігіне) тікелей байланысты. Тиісінше Тараптар Сақтандырушының сақтандыру жағдайы туралы хабарламауы/уақтылы хабарламауы соңғысының сақтандыру төлемін жүзеге асыру мүмкіндігінен айыратынын және бұл сақтандыру жағдайы басталған кезде қосымша дәлелдемелерді талап етпейтінін түсінеді және осымен растайды;
12.28.6. Сақтанушының сақтандыру жағдайының басталуына жауапы тұлғаға өзінің талап ету құқығынан бас тартуы, сондай-ақ Сақтандырушыға талап ету құқығының Сақтандырушыға өтуге қажетті құжаттарды беруден бас тартуы. Егер сақтандыру өтемі төленген болса, Сақтандырушы оны толық немесе жартылай қайтаруды талап етуге құқылы;
12.28.7. Сақтанушының (Сақтандырылушының) «АҚЖЕ СТАНДАРТ», «АҚЖЕ КЛАССИК», «АҚЖЕ МИНИМУМ» сақтандыру Шартында көзделген міндеттерді орындамауы (тиісінше орындамауы);
12.28.8. Қазақстан Республикасының заңнамасында көзделген басқа да жағдайлар.
12.29. Сақтандырушының сақтандыру төлемін жүргізуден бас тартуына Сақтанушы сотқа шағымдана алады.
12.30. Сақтандыру ақылақтық зиянды, ар-намысына, қадір-қасиетіне және іскерлік беделіне нұқсан келтіретін (Сақтандырушының сақтандыру құпиясын сақтау міндетіне байланысты емес) жәбірленушінің, Пайда алушының немесе Сақтанушының/Сақтандырылушының шығындарын (оның ішінде айыппұлдар, өсімпұлдар, тұрақсыздық айыбы, сот шығындары, басқа көлік құралын жалға алу, көлік құралын/мүлікті жөндеу кезінде тұрғын үйді жалға алу немесе қонақүйде тұру шығындары, іссапар шығындары, көлік құралын тұраққа қою және күзету шығындары, өндірістің тоқтап қалуына байланысты

шығындар, мүліктің тауарлық құнын/тауарлық түрін жоғалту, жіберілген пайда)

13 БӨЛІМ. САҚТАНДЫРУ ШАРТЫНЫҢ ҚОЛДАНЫЛУЫН ТОҚТАТУ ШАРТТАРЫ

13.1. «АҚЖЕ СТАНДАРТ», «АҚЖЕ КЛАССИК», «АҚЖЕ МИНИМУМ» сақтандыру Шартының қолданылу мерзімі тараптардың келісімімен анықталады.

13.2. Міндеттемелерді тоқтатудың жалпы негіздерінен, сондай-ақ Қазақстан Республикасының заңнамасында көзделген Шартты мерзімінен бұрын тоқтату негіздерінен басқа «АҚЖЕ СТАНДАРТ», «АҚЖЕ КЛАССИК», «АҚЖЕ МИНИМУМ» сақтандыру Шарты келесі жағдайларда мерзімінен бұрын тоқтатылады:

13.2.1. сақтандыру сыйақысын бөліп төлеу кезінде Сақтанушының кезекті сақтандыру жарнасын төлемеуі;

13.2.2. Сақтанушы Сақтандырушыға «АҚЖЕ СТАНДАРТ», «АҚЖЕ КЛАССИК», «АҚЖЕ МИНИМУМ» сақтандыру Шартын құру немесе сақтандыру сыйақысының қосымша ақысы тәуекел дәрежесінің ұлғаюына пропорционалды кезінде хабарланған мән-жайларға өзіне белгілі болған елеулі өзгерістер туралы хабарлау міндетін орындамаған жағдайда;

13.2.3. Сақтанушының немесе Сақтандырушының талабы бойынша, сондай-ақ Тараптардың келісімі бойынша «АҚЖЕ СТАНДАРТ», «АҚЖЕ КЛАССИК», «АҚЖЕ МИНИМУМ» сақтандыру Шартын бұзу;

13.2.4. Осы Ережелердің 13.1-тт. көзделген жағдайларда «АҚЖЕ СТАНДАРТ», «АҚЖЕ КЛАССИК», «АҚЖЕ МИНИМУМ» сақтандыру Шартын тоқтату үшін негіз ретінде көзделген мән-жайлар туындаған сәттен бастап «АҚЖЕ СТАНДАРТ», «АҚЖЕ КЛАССИК», «АҚЖЕ МИНИМУМ» сақтандыру Шарты тоқтатылды деп есептеледі, бұл ретте «АҚЖЕ СТАНДАРТ», «АҚЖЕ КЛАССИК», «АҚЖЕ МИНИМУМ» сақтандыру Шартының тоқтағаны туралы хабарлама талап етілмейді және Сақтандырушыға төленген сақтандыру сыйақысы қайтарылмайды.

13.3. Осы Ережелердің 13.1-тт. көзделмеген жағдайларда «АҚЖЕ СТАНДАРТ», «АҚЖЕ КЛАССИК», «АҚЖЕ МИНИМУМ» сақтандыру Шартының тоқтағаны туралы келісімге Тараптар қол қойған күннен бастап Тараптардың келісімі бойынша тоқтатылды деп есептеледі, бұл ретте «АҚЖЕ СТАНДАРТ», «АҚЖЕ КЛАССИК», «АҚЖЕ МИНИМУМ» сақтандыру Шартын бұзу ниеті туралы бастамашы Тарап екінші Тарапты «АҚЖЕ СТАНДАРТ», «АҚЖЕ КЛАССИК», «АҚЖЕ МИНИМУМ» сақтандыру Шартын бұзудың болжамды күніне дейін кемінде 30 күнтізбелік күн бұрын хабардар етуге міндетті. Тараптардың келісімі бойынша «АҚЖЕ СТАНДАРТ», «АҚЖЕ КЛАССИК», «АҚЖЕ МИНИМУМ» сақтандыру Шарты 30 күнтізбелік күн өткенге дейін бұзылуы мүмкін.

Хабарлама Тарапқа пошта арқылы немесе «АҚЖЕ СТАНДАРТ», «АҚЖЕ КЛАССИК», «АҚЖЕ МИНИМУМ» сақтандыру Шартында көрсетілген мекенжай бойынша немесе факс бойынша жіберіледі. «АҚЖЕ СТАНДАРТ»,

«АҚЖЕ КЛАССИК», «АҚЖЕ МИНИМУМ» сақтандыру Шартында көрсетілген мекенжай бойынша не тиісінше факс бойынша мекенжай иесі болмаған жағдайда, хабарлама туралы растауды алу талап етілмейді, хабарлама жөнелтуші жіберген күннен бастап 7 күнтізбелік күн ішінде тиісті түрде жеткізілген және мекенжай иесі алған болып есептеледі.

13.4. «АҚЖЕ СТАНДАРТ», «АҚЖЕ КЛАССИК», «АҚЖЕ МИНИМУМ» сақтандыру Шарты мерзімінен бұрын тоқтатылған кезде Сақтандырушы Сақтанушыға «АҚЖЕ СТАНДАРТ», «АҚЖЕ КЛАССИК», «АҚЖЕ МИНИМУМ» сақтандыру Шартының қолданылу мерзімі өтпеген кезең үшін төлеген сақтандыру сыйақысын қайтарады және сақтандыру сыйақысының жалпы сомасының 35%-на дейін құрайтын іс жүргізуге кеткен шығындарды қосымша шегере алады.

Сақтандыру төлемдері болмаған жағдайда Сақтанушы сақтандыру сыйақысының бір бөлігін келесі мөлшерлерде қайтаруға құқылы:

Шарт күшіне енген сәттен бастап мерзімінен бұрын тоқтатылған сәтке дейінгі өткен мерзім	2 айға дейін қоса алғанда	2 айдан 3 айға дейін қоса алғанда	3 айдан 4 айға дейін қоса алғанда	4 айдан 5 айға дейін қоса алғанда	5 айдан 6 айға дейін қоса алғанда	6 айдан 7 айға дейін қоса алғанда	7 айдан 8 айға дейін қоса алғанда	8 айдан 9 айға дейін қоса алғанда	9 айдан 10 айға дейін қоса алғанда	10 айдан 11 айға дейін қоса алғанда	11 айдан жоғары
Сақтандырушы ұстап қалатын сақтандыру сыйақысының мөлшері (жылдық сақтандыру сыйақысының %)	30	40	50	60	70	75	80	85	90	95	100

13.5. «АҚЖЕ СТАНДАРТ», «АҚЖЕ КЛАССИК», «АҚЖЕ МИНИМУМ» сақтандыру Шартының мерзімінен бұрын тоқтатылуы Сақтандырушының кінәсінен оның талаптарын орындамау/тиісінше орындамау салдарынан туындаған жағдайларда, соңғысы Сақтанушыға өзі төлеген сақтандыру сыйақысын не сақтандыру жарналарын толығымен қайтаруға міндетті.

13.6. «АҚЖЕ СТАНДАРТ», «АҚЖЕ КЛАССИК», «АҚЖЕ МИНИМУМ» сақтандыру Шартының мерзімінен бұрын тоқтатылуы Сақтанушының кінәсінен оның талаптарын орындамау/тиісінше орындамау салдарынан туындаған жағдайларда Сақтандырушыға төленген сақтандыру сыйақысы не сақтандыру жарналары қайтарылмайды.

13.7. Сақтанушы сақтандыру сыйақысын не оның бір бөлігін сақтандыру шарттарында белгіленген тәртіппен және мерзімдерде төлемеген жағдайда «АҚЖЕ СТАНДАРТ», «АҚЖЕ КЛАССИК», «АҚЖЕ МИНИМУМ» сақтандыру Шарты тоқтатылды деп есептеледі.

14 БӨЛІМ. ҚОСЫМША ШАРТТАР

14.1. Сақтандыру төлемі жүзеге асырылған кезде Сақтанушы Сақтандырушыға келтірілген залалға жауапты тұлғаға (тұлғаларға) регрессиялық талап ету

құқығын (уәкілетті органдардың) жүзеге асыру үшін барлық қажетті құжаттарды беруге міндетті.
14.2. Егер Сақтандырылушы, Сақтанушы немесе Пайда алушы уәкілетті органдарға ұсынатын қажетті құжаттарды Сақтандырушыға беруден бас тартса немесе суброграцияны жүзеге асыру сақтандыру төлемін жүзеге асыру туралы талаппен жүгінген тұлғалардың кінәсінен қажеті болып табылса, Сақтандырушы сақтандыру төлемдерін жүргізу міндетінен босатылады.
14.3. «АҚЖЕ СТАНДАРТ», «АҚЖЕ КЛАССИК», «АҚЖЕ МИНИМУМ» сақтандыру Шарты талаптарының өзгеруі Сақтанушы мен Сақтандырушының екіжақты келісімі бойынша Тараптардың бірінің өтініші негізінде екінші Тараптың өтінішін алған күннен бастап бес банктік күн ішінде жүргізіледі не ерекше шарттармен ескертіледі.
14.4. Егер қандай да бір Тарап «АҚЖЕ СТАНДАРТ», «АҚЖЕ КЛАССИК», «АҚЖЕ МИНИМУМ» сақтандыру Шартына өзгерістер енгізуге келіспесе, оның бұрынғы шарттарда қолданылуы туралы немесе оның қолданылуын тоқтату туралы мәселе бес күндік мерзімде шешіледі.
14.5. «АҚЖЕ СТАНДАРТ», «АҚЖЕ КЛАССИК», «АҚЖЕ МИНИМУМ» сақтандыру Шарты жоғалған жағдайда Сақтандырушы Сақтанушының жазбаша өтініші негізінде телнұсқа береді.
14.6. Сақтандырушының істі жүргізуге жұмсаған шығындарын «АҚЖЕ СТАНДАРТ», «АҚЖЕ КЛАССИК», «АҚЖЕ МИНИМУМ» сақтандыру Шартының телнұсқасын рәсімдеу кезінде ол жоғалған жағдайда Сақтанушы (Сақтандырылушы) өтініш берген күнге Қазақстан Республикасының заңнамалық актілеріне сәйкес белгіленген айлық есептік көрсеткіштің 0,1 мөлшерінде өтейді.

15 БӨЛІМ. ДАУЛАРДЫ ШЕШУ ТӘРТІБІ

15.1. «АҚЖЕ СТАНДАРТ», «АҚЖЕ КЛАССИК», «АҚЖЕ МИНИМУМ» сақтандыру шарты бойынша Сақтандырушы мен Сақтанушы арасындағы даулар келіссөздер арқылы шешіледі, ал келісімге келмеген кезде Қазақстан Республикасының заңнамасында белгіленген тәртіппен шешіледі.